



Қазір ауылда 25 шаруа қожалығы мен 13 жауапкершілігі шектеулі серіктестік жұмыс істейді. Олардың барлығы жеңілдетілген несиелі алып, өз істерін әрі қарай дамытуға ниетті.

2-БЕТ | АЙМАҚ АЙШЫҒЫ



Ереймен елінде ұйымдастырылған «Шанды жорық ізімен» атты тарихи-танымдылық экспедициясының жұмысын ел тарихының ақтандақ беттерін ашу жолындағы жасалған алғашқы қадам, деп түсінгеніміз дұрыс.

4-БЕТ | ТАҒЫЛЫМ



Мы продолжим делиться историями и успехами Молодежного ресурсного центра, делая акцент на людях, их пути и достижениях.

6-БЕТ | ПРОГРЕСС

Газет 1935 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

ЕРЕЙІМЕН



Дүйсенбі
№2 (9662)
26.01.2026

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Ұлттық құрылтай: ЕЛ БИЛІГІН ҮЛКЕН ҮШ ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында көтерген мәселелері елдегі саяси реформалардан бастап, әлеуметтік-экономикалық даму, ұлттық сананың нығаюы мен стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларға дейінгі кең ауқымды бағыттарды қамтыды. Көптің көкейінде жүрген бұл бастамалар қазір елдің тұрақты дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

Соның ішінен мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда, бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, вице-президент лауазымын енгізу деген негізгі үш басымдыққа тоқтала кеткеніміз.

Президенттің айтуынша, қазір еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Осы өзгерістердің өзегі алдағы парламенттік реформа болатыны анық.

– Алдымен болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Бұл баяндаманың басында Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте жұмыс тобы көпшіліктің әртүрлі ұсынысын мұқият зерделеп, қызу талқылаған болатын. Сөйтіп, қазір олар Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байламаға келіп отыр. Енді ол жаңа Парламентте төрағаның 3 орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауға тиіс.


Ең маңыздысы, мемлекет басшысы «Парламенттегі президент квотасын қалдыру керек» деген ұсынысты қолдамаған. Ол жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығына, қадағалауына мұқтаж емес деген сенімде. Айтуынша, депутаттардың ішінде арнайы тағайындалған «таңдаулы тұлғалар» да болмай, олар бәрине бірдей ортақ тәртіппен сайлануға тиіс. Соған сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының

арнайы квотасы да алынып тасталады.

– Жаңа Парламентте депутаттарды 5 жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, сонында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін іске асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз, – деді президент.

Сонымен қатар реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбердің қажеттігі айтылды. Президенттің пайымынша, халықтың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформа аясына тоғысуға тиіс.

– Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінің видеонұсқасын мына QR-код арқылы көре аласыздар.

Демек елде енді «Қазақстан халқы Ассамблеясы» деген ескі атау қолданылмайды. Есесіне Қазақстанның Халық Кеңесі мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болғалы тұр. Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени орталықтардың, ірі қоғамдық бірлестіктердің және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің өкілдерін тең дәрежеде 42-ден қосу ұсынылды. Олардың бәрін президенттің өзі тағайындайды. Ал төрағасын Халық Кеңесінің мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

– Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттырады. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы рөлін атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және кон-

фессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі, – деп түсіндірді мемлекет басшысы.

Жалпы, президент оң әрі тұрақты нәтижеге жету үшін эволюциялық жолмен жүру, кезең-кезеңімен әрекет жасау, сондай-ақ қоғамды жаңа саяси және экономикалық ахуалға бейімдеу қажет екеніне де сенімді. Сондықтан ол Ұлттық

құрылтайдың қорытынды отырысында тағы бір маңызды ұсыныс айтты.

– Мен ұсынатын жаңашылдықты біз бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні деуге болады. Әңгіме Қазақстан Республикасының вице-президенті институтын құру, тиісінше оны Конституцияда бекіту туралы болып отыр. Вице-президентті мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімімен ала отырып тағайындайды. Оның құзырет аясын мемлекет басшысы өзі белгілейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан шығатын қорытынды, қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ



ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН БАСЫЛЫМНЫҢ ТІРЛІГІ БАЯНДЫ БОЛСЫН

Ғасырға жуық тарихы бар Ерейментау аудандық газеті сонау замандардан қаламы жүйрік талай журналистерді қанаттандырған басылым еді. Кезінде «Еңбек туы», «Прогресс» болып аталған қос тілді газет өткен ғасырдың 90-жылдары «Ереймен» – «Ерейментау» болып өзгерген болатын. Әкінішке қарай, газет басшыларының жауапсыздығынан және түрлі себептерге байланысты бұл басылым осыдан бірнеше жыл бұрын жабылып қалған еді.

Енді белгілі ақын Бауыржан Қарағызұлы бастаған шығармашылық топ осы басылымның тарихи атауын қайтадан жаңғыртып, «Ереймен» газетін жарыққа шығарып отыр екен. Бұл аудан жұртшылығы үшін үлкен жаңалық деп білемін.

Кезінде Дуанбай Әлімжанов, Лияс Қарағозин, Амангелді Жұмабеков, Жанат Түгелбаев секілді қаламгерлердің қолтаңбасы қалған басылымның қайта түлеп, оқырманға оралуын аудан жұртшылығы қуана құптары анық. Ендеше ізгілікті істі қолға алған азаматтарға

ақ жол, бастаған жұмыстарына сәттілік тілейік!

Сайлау БАЙБОСЫН,
ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,
Ерейментау және Баянауыл аудандарының Құрметті азаматы

Ақмола облысы Ерейментау ауданының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан Ерейментау ауданы Өлеңті ауылдық округі әкімінің сайлауын және Қойтас ауылдық округі әкімінің кезекті сайлауын тағайындау туралы
ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 14-бабының 2 және 8-1 тармақшаларына, 113-1 бабының 1, 2, 4-тармақтарына сәйкес және Ерейментау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №6/61 «Өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан Ерейментау ауданы Өлеңті ауылдық округі әкімінің сайлауын және Қойтас ауылдық округі әкімінің кезекті сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес, сайлау 2026 жылдың 1 наурызға тағайындалғанын хабарлаймыз.

Ерейментау аудандық сайлау комиссиясы

ЖОЛБАСШЫ АУЫЛЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ӨЗГЕРДІ

Ерейментау ауданы аумағында әкімшілік-аумақтық өзгеріс енгізілді. Бұл туралы аудан әкімдігі мәлім етті.

Ақмола облысы мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы №8С 23-6 шешімі және Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 27 қарашадағы №А-11/615 қаулысына сәйкес, Ақмырза ауылдық округіне қарасты Жолбасшы ауылы басқа қоныстар санатына жатқызылды. Ауыл есептік деректерден алынып, оның аумағы Ақмырза ауылына біріктірілді. Өзгеріс ресми құжаттарда тіркеліп, заңды күшіне енді.

Өз тілшімізден

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МАНДЫТҚАН АУЫЛ

Ерейментау ауданында ауыл шаруашылығын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын тауып келеді. Осы орайда аудан әкімі Нұрлан Мұқатов жұмыс сапарымен Ақсуат ауылына барып, мал шаруашылығымен айналысып отырған шаруашылық иелерімен кездесті.

Кездесу барысында ауыл шаруашылығының негізгі салалары – қой және ірі қара мал өсіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланып, мемлекеттік «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктері кеңінен түсіндірілді. Бағдарламаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын арттыру, мал басын көбейту және шаруашылықтарды жаңа деңгейге көтеру.

Бүгінде Ақсуат ауылында 8 мыңға жуық мал басы бар. Бұл – ауыл үшін үлкен әлеует. Аталған бағдарламаны тиімді пайдалану арқылы мал басын көбейтіп, өндіріс көлемін ұлғайтуға толық мүмкіндік бар. Қазір ауылда 25 шаруа қожалығы мен 13 жауапкершілігі шектеулі серіктестік жұмыс істейді. Олардың барлығы жеңілдетілген несие алып, өз істерін әрі қарай дамытуға ниетті.

Жұмыс сапарында аудан әкімі жаңа технологияларды енгізудің маңыздылығына ерекше тоқталды. Соның нақты бір үлгісі ретінде Sadak.kz ЖШС-нің тәжірибесі көрсетілді. Аталған серіктестік өз қаражатына гранулятор аппа-

ратын сатып алып, шөп пен дәнді дақылдарды араластыра отырып, гранулданған мал азығын өндіруді қолға алған. Бұл әдіс мал азығының сапасын арттырып қана қоймай, шығынды азайтуға және бордақылау тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

Аудан басшысының айтуынша, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде кеңінен қолданыла бастаған бұл технология – Ақмола облысы, оның ішінде Ақсуат ауылы үшін де үлкен мүмкіндік. Егер шаруашылықтар жаңа тәсілдерді батыл енгізсе, ауыл шаруашылығының өнімділігі айтарлықтай арта түспек.

Кездесу соңында Нұрлан Мұқатов шаруаларға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауларды тиімді пайдаланып, мал шаруашылығын дамытудың жаңа бағыттарына бет бұру қажет екенін атап өтті.

Жалпы, қазір Ақсуат ауылының әлеуеті зор. Ал жүйелі жұмыс пен заманауи технологиялар бұл әлеуетті толық іске асыруға жол ашады.



ЖАС БАЛУАНЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

Ақтау қаласында дзюдодан жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан чемпионатында ауданымыздың мақтаншы Рауан Ғазизов жақсы нәтиже көрсетті.

Елдің түкпір-түкпірінен жиналған долада жас балуан Ерейментау ауданының абыройын асқақтатты. Чемпионатта ол алты рет бозкілемге шығып, соның бесеуінде жеңіске жетіп, тек бір белдесуде ғана жеңіліс тапты.

Рауан финалда Қызылорда облысының балуанымен күш сынасты. Тартысқа толы белдесулер жас спортшының жарысқа дайындығын, табандылығын және жеңіске деген жігерін айқын көрсетті.

Жерлесіміз 2009 жылы Ерейментау қаласында туған. Ол күреспен 6 жасынан бастап, яғни 2015 жылдан бері тұрақты түрде айналысып келеді. Жас болса да спорттағы жолы ерте басталып, үлкен еңбек пен төзімділіктің арқасында бүгінгі биік белестерге жетіп отыр.

Айта кетерлігі, бұл жас санатында Ерейментау ауданының спортшылары соңғы рет 2019 жылы Қостанай қаласында жүлделі орын алған болатын. Сол жылы Олжас Еренғайыпов Қазақстан чемпионатында үшінші орын иеленген еді. Енді міне, араға бірнеше жыл салып, ауданымыз тағы да республикалық жарыста өз мықтысын танытып отыр.

– Мен 2009 жылы 20 қаңтарда Ерейментау ауданында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Әкем Бауыржан Мұхамеджанов теміржол саласында 25 жылдан аса еңбек етіп келеді. Анам Жарыққасын Битақова – мектепте мұғалім, ұлағатты ұстаз. Отбасымызда 3 ер бала бар. Мен – ортаншысымын.

Ауданымыздың Насыр Смағұлов атындағы мектеп-лицейінің табалдырығын аттап, білімге қадам бастадым. 1-сыныптан бастап күреске деген қызығушылығым оянып, Сәрсенбек Өтепов ағайға шәкірт болып жаттығуды бастап кеттім. Көптеген аудандық, облыстық, республикалық жарысқа қатыса отырып, менің спортқа деген қызығушылығым арта түсті.

6-сыныпты аяқтағаннан кейін Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне 7-сынып оқушысы болып қа-



былдандым. Қазір білім ордасының 11-сыныбында оқимын. Спортпен шұғылданду әртүрлі қасиетті талап етеді. Олар – дене дайындығы, көңіл-күй дайындығы және тапқырлық. Спорт арқылы мен шыдамдылықты, төзімділікті, жеңілген жағдайда мойымай, алға қарай ұмтылуды үйрендім. Алға қойған арман-мақсатым көп. Соған жету жолында ерінбей еңбек етіп, бар күш-жігерімді саламын, – дейді Олжас.

Жас балуанның өзі айтқандай, бұл жетістігінде білікті жаттықтырушылардың еңбегі зор. Оны спорттық шеберлікке баулып, үлкен додаға дайындаған жаттықтырушылар – Самат Тілеуберенов пен Ерхан Ғаббасов. Олар шәкіртінің әр белдесуіне жан-жақты дайындалып, сенім мен жігер сыйлай білді.

Бұл жеңіс — тек бір спортшының ғана емес, Ерейментау ауданының спорт саласындағы үлкен жетістігі. Жасөспірім балуанымыз — ауданымыздың шынайы мақтаншы, өскелең ұрпаққа үлгі болар спортшы.

Бахтияр ЖЕПЕНОВ,
Ерейментау ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

Ерейментау қаласында қыс мезгілінде тұрғындардың қауіпсіздігі мен қозғалыс қолайлылығын қамтамасыз ету мақсатында көшелерден қар шығару жұмыстары жоспарлы түрде атқарылып жатыр. Қала аумағында жүргізіліп жатқан бұл шаралар жол қозғалысының үздіксіз болуын сақтауға, жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға және коммуналдық инфрақұрылымның қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚАР ШЫҒАРУ ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЙДІ

Қар тазалау және шығару жұмыстарына арнаулы техника мен коммуналдық қызметтің жұмысшылары жұмылдырылған. Алдымен қоғамдық көлік жүретін негізгі көшелер, әлеуметтік маңызы бар нысандарға апаратын жолдар, көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумақтары мен жаяу жүргіншілер жолдары тазартылып жатыр. Бұл жұмыстар тәулік бойы, ауа райының қолайсыздығына қарамастан жүргізіліп келеді.

Коммуналдық қызмет өкілдерінің мәліметінше, қалың қардың жиналуы көлік қозғалысына кедергі келтіріп қана қоймай, жол-көлік оқиғалары қауіпін арттырады. Осыған байланысты қарды уақтылы тазалау және қала аумағынан шығару – басты міндеттердің бірі. Арнайы белгіленген орындарға шығарылатын қар көлемі күн сайын артып отыр.

Сонымен қатар тұрғындардан түскен өтініштер мен ұсыныстар да ескерілді. Әсіресе, аулалардағы кіреберіс жолдар, жедел жәрдем мен өрт сөндіру көліктерінің еркін өтуі маңызды саналатын ау-

мақтар назарға алынған. Қажет болған жағдайда қосымша техника тартылып, жұмыс қарқыны күшейтіледі.

Қала әкімдігі тұрғындарды қар тазалау жұмыстарына түсіністікпен қарауға шақырып, жеке автокөліктерді жол жиегіне ретсіз қоймауды ескертеді. Бұл арнайы техниканың кедергісіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар тұрғын үйлердің маңындағы аумақтарды тазалау ісіне пәтер иелері кооперативтері мен басқарушы компаниялардың да жауапкершілігі бар екені атап өтілді.

Алдағы уақытта ауа райының өзгеруіне байланысты қар шығару жұмыстары жалғасып, қала көшелерінің санитарлық жағдайын жақсарту бағытындағы шаралар күшейтіле бермек. Бұл өз кезегінде Ерейментау қаласының тұрғындары үшін қауіпсіз әрі қолайлы қысқы ортаны қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Рүстем ЖҰМАН



ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ЕР БӨГЕНБАЙ

Қазақ халқы өзінің еңбегі орасан ұл-қыздарын ұмытпай, олардың айтулы істерін ұрпақтары жадында мәңгі сақтап жүруі үшін, тарихқа мөр басқандай ерекше таңбалап кеткен. Аты аңызға айналған қазақ халқының нар тұлғалы батыры – Қанжығалы қарт Бөгенбай сондай сый-құрметтен көзі тірісінде де, өлісінде де кенде болмағанын көкірегі ояу жандар біледі.

ДАНАЛЫҒЫ МЕН ҚАҒАРМАНДЫҒЫ ТЕҢ ТҰЛҒА

Сонау Әз Тәуке ханның тұсында аты шыққан бұл сардар кейіндері жас Абылайдың жорықтас адал серігі ғана емес, билер алқасының көзіқарақты кеңесшісі болғаны да тарихи шежіре-мұрағаттардан белгілі. Абылай ханның: «Бәрін айт та, бірін айт, Қанжығалы Бөгенбайды айт – ақылдың жатқан үйін табушы еді» деген сөзі бекерден айтылмағаны анық. Екінші жағынан қазақ халқы оны басқалардан ерекшеленгендей «Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр» деп әспеттеген.

1710 жылы ел басына күн туған соң, қазақтың бас көтерер игі жақсылары Қарақұмда құрылтай өткізіп, сол кеңесте, елдің тағдыр талайы белгісіз болып тұрған шақта Бөгенбайды бас сардар қылып бірауыздан сайлайды.

Қазақ шежіресінің білгірі, атақты Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Даналарға» деген өлеңінде осы оқиға тұспа-тұс айтылған:

«Өнерге құлаш ұрып бала жастан,
Тарихын бұл үш жүздің етіп дастан,
Баласы Толыбай сыншы Қожаберген,
Бой ұрған ерлік іске әуел бастан.
Бабадан Қожаберген бата алған,
Бөгенбай Қанжығалы Сардар болған,
Ел қорғап, қамал бұзып,
даңқы шығып,
Оған да бақыт пенен аруақ қонған».

Осы бір шешуші шақ шетелдік зерттеушілердің де назарынан тысқары қалмаған. Бұл туралы орыс тарихшысы Я. Гавердовский Қарақұм құрылтайы туралы еңбегінде байыпты деректерді алға тартады: «Құрылтайға қатысушылардың бір тобы жоңғар қалмақтарына бас ұсынды жөн көрді. Басқалары үй-күйін тастап, Еділдің сыртына көшіп барып, жан сақтағысы келді, ал енді біреулері қоян секілді жан-жаққа бытырап кетпекші болды. Талайы толқыды. Бірақ сол кезде ерлігімен әйгілі болған ру басы Бөгенбай батыр мұндай әрекеттердің бәрін тыйды».

Бөкен ел үмітін ақтап, қазақ, ноғайлы, қарақалпақ елдерінің біріккен әскерін басқарып, ұлы жорықтың, шешуші айқастың басын бастады.

Ресей ғалымы П.Н. Рычковтың айтуынша, қазақтар орыс патшасын паналауды жөн санады. Бірақ сол заматта қайсарлық танытып, елді сөзімен ұйытқан атышулы батыр Бөгенбай үрейі ұшқан елдің көшбасшы көсемдерін өзінің айтқанына көндіреді: «Но известный киргизский батыр и старшина Богенбай на сейме (құрылтайда) в Каракумах склонил народ к нападению на калмыков» (П.Н. Рычков). Осы қаңқұйлы ұрыстың жетістігі халқымыздың жүдеп-жадаған көңіліне үлкен рух пен сенім ұялатты.

Әбілқайыр хан батырдың қазақ арасындағы зор беделіне жүгініп, өзінің әскербасысы қылып тағайындайды. Бөгенбай батырға хан өз ықтиярымен туған қарындасы Сақыпжамалды қосады. Лияс Есенберлин бұл туралы жан-жақты ізденіп, тарихи романына арқау етті. Батырлардың ағасы болған кісі Абылай заманында да көрнекті істерімен көзге түсті. Жоңғар империясының белін үзгенше дамыл таппаған жан ат үстінен түскен жоқ.

Шешуші айқастарда Бөгенбай батыр ел сенімін барынша ақтаған батырлардың алды, қалың қолды соңына ерте білген аяулы ерлерінің бірі еді. Көрнекті ақын Мағжан Жұмабаев өзінің «Батыр Баян» жыр-дастанында:

«Ашуы жауған қардай,
шөккен нардай,
Қарт қыран Қанжығалы
қарт Бөгенбай»,
–деуі оның осы ұлылығының бір мысалындай естіледі.

Қазақтың ұлы кеменгер билері Төле мен Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбек батырлар түгілі хандарды тезге салған қазақ арасындағы өте ықпалды жандар болған. Дала данышпандарымен келіспей, ақылдаспай іс-қимыл жасамаған батырлардың бірі – тағы да осы Бөгенбай.

Ашуға берілмейтін, ойланбай іс-әрекет жасамайтын, қапылыста жау келсе де, асып-саспайтын оның біртоға мінезін билер де үнемі жақтап отырған.

Қалмақпен жүріп жатқан итжығыс, қанталапай майданда Төле би Бөкеңе қарап: «Қарт ағаң Қаз дауысты Қазыбекке пана бол, далада адасып қалмасын», деп аманат етіп міндеттеуі – оның қысылтаянда сенімді, жолдастыққа берік кісі екендігін айғақтап тұрғандай.

Абылайдың Төле бидің есігінде «Сабалақ» атанып, түйе бағып жүргенінде осы Бөгенбайды

кездестіріп, соңына еруі – кездейсоқ оқиға емес. Өйткені бас батыр хандардан бұрын қарадан шыққан ұлы билер Төлемен, Қазыбекпен өткір әрі өзекті ел мәселелерін ортаға салып, үнемі салмақтап отырған.

Тағы бір мысал. Қазыбек және Төле билермен кездескеннен кейін ол 1730 жылдың көктемінде Ұлытау аймағында қазақ әскерінің ортақ күшімен жаудың қабырғасын қыратты.

Баһадүр Бөгенбай қазақ елінің бірлігін сақтап, хас дұшпанның бетін қайырған шақта қазақ халқы жоғалған сенімін қайта тауып, темір құрсанып, өкшелей қуған жауды кері қайтара бастады. Қайраты мен айбары тең келген батырдың ұстамды әрі салқынқанды мінезі талай қиын-қыстау кезде, ел тағдыры шешілер тұста зор септігін тигізді.

Ұлы жырау Бұқардың сол тұста дүниеге келген өлең-жырларынан мұны аңғару қиын емес.

«Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған».

Қазақ деген халқынан,
Батыр шыққан даңқынан.
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған».

Еңбек қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін.
Қазақтың абырой-арына,
Сарып қылған бар күшін».

Батырдың бойындағы жігер, өрлігі мен намысы, ерлігі мен жанкештілігі суретке салғандай сомдалып шыққан. Жалпы, атақты көмекей әулие Бұқар бабамыз ер Бөгенбайдың образын сомдауда жалынды сөздерін аямаған. Бұл бекерден-бекер туындамағанын шығарма екені бесенден белгілі. «Батыр шыққан даңқынан» деуі оның сол кезде ел үшін жасаған қайраттылығының белгісіндей емес пе!

XVIII ғасырда аты шыққан жауынгер жыраулардың бірде-біреуі Бөгенбайды ауызға алмай өтпейді, оны ерліктің үлгі-өнегесіндей бағалап, шынайы ел қорғаны ретінде өскелең ұрпаққа шама-шарқы жеткендерінше өнеге алатындай дәріптеген. Мысалы, Тәттіқара жырау да соны аңғарып, баһадүрге төмендегідей сөздерін арнаған екен:

«Ағашта биікті айтсаң –
қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң –
Бөгенбайды айт».

Мұндай жыр жолдарын біз көптеген жыраудың еңбегінен оқығанымыз бар. Мысалы, Үмбетей жырау оның қоғамдағы орны мен атқарған өлшеусіз еңбегін өзінің бірауыз жыр шумағымен жеткізеді:

«Бұл адам іс қылатын болжап-байқап,
Ырысын бұза алмайтын
ешкім шайқап».

Екінші бір толғауында Бөгенбай туралы мынадай суретті сөз тіркесін шығарып, оны қазақтың қазынасына балайды: «Тәңірім берген сондай сый».

Бұл батыр қазасын Абылайға естірткенде шыққан дүние деседі.

ҰЛЫНЫҒЫ ҰРПАҚТАРЫ

Бөгенбай батыр жасы жетіп, 90-ға таяғанда Ақмола өңіріне жақын Ереймен елінің теріскейіндегі Сілеті өзені ағып жатқан тұста қайтыс болады. Аруақты ердің қайтқан жері күні бүгінге дейін «Бөгенбай» аталуы, халық жадында нақтылығымен сақталуы – таңдандыратын оқиға. Бұл әуелде «Бөгенбай сөресі», кейіндері алтын мен көмір табылғасын, ауқымы кеңіп «Бөгенбай руднигі» аталып кетті. Қазақ халқы қандай құбылмалы кезеңде өмір сүрсе де, бір ғажабы Бөгенбайдың есімі сол жерге мәңгілікке таңбаланып қалды.

Бірақ Абылай ханның жарлығымен, билер мен жыраулардың қолдауымен оның сүйегі Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесіне жерленгені жұртшылық жақсы біледі.

Тарбағатай тауында болған шешуші шайқастан кейін сол жерде «Бөгенбай асуы» деген атаудың пайда болуын – елдің құрметі деп білу керек.

Әулие санатына енген кісіге Абылай хан оның сүйегі Түркістанға жеткізілгенде арнайы ас берген. Бұл туралы Лияс Есенберлин де ерекше атап өтеді.

Бұны батырдың халқына сіңірген өлшеусіз еңбегі үшін жасаған сый-құрметі деп бағалауға



тұрарлықтай. Әйтпесе қазақтың біртуар ақын ұлы Бұқар жырау Абылайға төмендегідей айшықты жалынды сөздерін арнамас еді ғой:

«Қазақтың ханы Абылай,
Абылай ханым, бұл қалай?
Ақ иықты аспанға,
Ұшпастай ғып торлады,
Құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал-қорғаны».

Батырды Алтайдың ақиық ірі бүркітіне теңеп, қазақ елінің қамқоры, қамал-қорғаны болғанын бағалай білуі жалпы халықтық ой-пікірден хабар бергендей естіледі.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте Ереймен елі көп қиындықты көрсе де ақ патшаның жазалаушы әскеріне өліспей беріспеді.

Кеңес дәуірі тұсында да осы данағөй, халық жанына шыры болған батырдың аруағына, ұрпағына қысым-қиянат жасағандар аз болған жоқ. «Шынжыр балақ, шұбартөс» жуандардың тұқымысың деп, кеңес үкіметін жақтаушы қандастарымыз 1928 жылғы көмпескеде ұлы даламызды азат еткен Бөгенбай батырдың ұрпақтарына көп қиянатты істер жасады. Солардың бірі, атақты ақын Олжабай, оның ағалары Барлыбай мен Ералы шешендер, ақын-қайраткер Сәкен Сейфуллинмен Омбыда бірге оқыған Төлеубай елден кетуге мәжбүр болды. Біреуін Қара үйшікке жер аударса, екіншілерін итжеккенге дейін қудалады. Бұлар Бөгенбай батырдың шөбересі атақты Саққұлақ биден тараған ұрпақтар еді.

Туған жерлерінен қуылған шақта, Нұралыұлы Олжабай Маңғыстау, кейіндері Омбы, Қызылжар маңында, еліне жақындай алмай, зорлық-зомбылықтың күй-шерімен өмір сүрді. Топырақтың бұйырған жері де осы Қызылжар қаласы. Бірақ егемендік алған алғашқы жылдарда Ереймендегі ұрпақтары мен тумалары оның сүйегін өзінің туған еліне екіліп, арулап қайта жерлеп еді.

Ал Төлеубайға келсек, Орынборда заң қызметкері болып істеп жүрген кезінде ұсталып, ату жазасына кесілген.

Жоғарыда айтқан бір ұрпағы Ералы ақсақал баласы Тұрсынбаймен бірге Семей шаһарында өмір сүрді.

Ғалым Қайым Мұхаметханұлымен сыйлас болған Тұрсынбай ақсақал да Ертіс өңірінде қайтпас сапарға аттанған. Оның көптеген мұрағатын Қайым ағамыз іске жаратқанын жарық көрген кітаптарынан, жазған естеліктерінен оқыдық. Әсіресе батырлар туралы деректер жинастырғанда сол кісінің сөзіне көп құлақ асқан екен.

Өмір керуені алға озған сайын ұлы тұлғалар даралана түседі. «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер» деген сөздің мағынасы үлкен әрі терең. Бір ғажабы, басқаларға қарағанда, батырдың атышулы ұрпақтары көп болды.

Қарқаралыда қазақтың жақсы мен жайсаңдары бас қосқан жиында көптің ортасында отырған Саққұлақ биге Арқаның жыр дүлдүлі Кемпірбай алдымен оған сәлем берген екен:

«Ассалаумағалейкүм, боз арғымақ,
Қол бастап,
ата жауға тартқан садақ.
Бөгенбай, Тұраналы, әкең Бапан,
Ежелден ел қорғаған көрі аруақ».

Үйлесімді ой, дәлелді тарихи сипатты сөз бұл әулеттің тегеурінін, тектілігін аңғартып-ақ тұр. Саққұлақ бидің шешендігін, айтқан көсем сөздерін Мәшһүр Жүсіп Көпеев те, Баянауылдың ірісі, Шоқан Уәлихановтың нағашысы, орыс әскерінің полковник шенін алған Мұса Шорманов та жақсы білген.

Бірі Ерейменде, екіншісі көрші, жаны аралас, қойы қоралас ел – Баянауылда өмір сүрген соң,

жаз жайлауда жиі бас қосып отырған. Бір күні Мұсаның келе жатқанын естіп, қарсы алуға алдынан Саққұлақ бидің өзі шығыпты. Сонда Сағекең Мұса ізеттік танытып, інілік әдеп пен: «Ассалаумағалейкүм, арғынның ақсақалы!» деп алдымен сәлем берген екен. Сол кезде би тосылып қалмай: «Уағалейкүмассалам, Орта жүздің шамшырағы!», деп жауап қайтарыпты. Бұл бекерден-бекер ұйқастырыла айтылған сөз емес.

Баянауылдың ту ортасынан өніп шыққан, жиһангер, қазақ шежіре сөзінің көсемі болған Мәшһүр Жүсіп те Саққұлақтың көне қазақ қоғамындағы орны мен беделін бір-екі ауыз шумақпен былайша суреттеген:

«Бұл асқа жақсы келді, жаман келді,
Жиналып үлкен-кіші, таман келді.
Арғынның ақсақалы – Саққұлақ бар,
Әр елден тағы сондай адам келді».

ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫНЫҒЫ ҚЫТАЙ САПАРЫ

Қазақ тарихында Бөгенбай батырдың қытай еліне барған сапары 1761 жыл деп нақты көрсетілген.

Ол анау-мынау емес, қытай императоры Цай Лунгтің тікелей өзімен мәмілегерлік жүргізіп, тапқырлығы мен кеменгерлігінің арқасында осы сапарында өзіне жүктелген істің түйткілін нақты шеше алған.

Бұл туралы Л.Н. Гумилев атындағы университеттің профессоры, тарихшы Қойшығара Салғараұлы маған терең мағыналы мәлімет беріп еді.

Ол 2013 жылы осы елге арнайы елдік тапсырмамен барған.

– Қытай оқымыстылары бұл сапар барысында маған қазақ баһадүрінің елшілікпен келгені жайлы толық мағлұмат берді, – деп еске алды өткенді Қойшығара Салғараұлы. – Нақты деректерді жазатын ұлы императордың сарай қызметкерлері Қанжығалы қарт Бөгенбайдың үзеңгіне жолдастарының санын, олардың мінген сәйгүліктері, тіпті жылқыларға берілген жем-шөптерінің өлшемі туралы да толыққанды мәліметтер қалдырыпты.

Ғылыми шара кезінде қытайлық әріптестер Бөгенбай батыр мен император Цай Лунгтің кездескен жерін көрсетіпті. Императордың орынтағы мен елші болып келген қазақ батырының тұрған жері тасқа таңбаланғандай нақты белгіленгені оны таң-тамаша күйге бөлеген. Қойшығара аға даңқты батырдың етігінің ізі қалған жерде ырымдап біраз уақыт тұрыпты да.

Мәмілегер қазақ басшысының сөзі мен ісі Қытайдың паң ханзадalarına ерекше бір әсерін тигізген екен. Қытайдың жылнамашылары арнайы елшілік ісімен барған Бөгенбай батыр беделінің жоғары болғанын императордың оны ертеңіне аң аулауға әдейі мәртебелі қонақ ретінде шақырғанынан-ақ аңғарған.

Қойшығара Салғараұлы қытай императорының саятшылық кезінде Бөгенбайдың қол мергендігі мен шапшаңдығына, астындағы жұлдыздай ағатын тұлпарының иесінің ыңғайына бағытындығына қатты тәнті болғанын ерекше бір толғаныспен айтты.

– Қазақ сардарының аңшылық шеберлігіне, атқан жебесінің мұлт кетпейтіндігіне қатты сүйсінген қытай императоры оған өз жадынан қолма-қол өлең шығарғанына мен қатты қайран қалдым, – деді ағынан жарыла сөйлеген қазақ тарихшысы Қойшығара Салғараұлы.

Жанат ТҮГЕЛБАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі,
өлкетанушы

БАТЫРДЫҒЫ КҮШІ – БІЛЕГІНДЕ, БАТЫЛДЫҒЫ – ЖҮРЕГІНДЕ

Сен жайлы жыр жазамын, ән шығарам,
Ерліктің дастаны боп қалшы, бабам!
Жаралған ар-намыстан сенің қаның,
Жүзінен алдаспанның тамшылаған.

Жебенің ұшынан да тамшылаған,
Сол сәтті елестеттім, қансыраған.
Шаң басқан көне тарих қойнауынан,
Бейсенді ұмыт қалған аршып алам, –

деген жыр жолдарымен осы жазбаны бастауыма себеп, біз әлемдегі өлең, жырға ең жақын халықтың біріміз және елі мен жерін қорғаған батыр бабаларымыздың ерлік істері атадан балаға мұрас болып бізге құйма құлақ, данагөй, абыз қариялардың ауызекі әңгіме, шежірелері мен ақын-жыраулардың жыр-дастандары арқылы жетті. Соларды естіп өстік. Өлең-жыр жанымызға жақын. Бала күнімізден құлағымызға сіңген өзге де аңыздармен қатар айтылатын Қанжығалы, Нияз Жантай батыр туралы ертегіге бергісіз хикаялар әлі күнге санамыздан өшпей, жүрегімізді толқыта тебіреніп, кеудемізді ерекше бір мақтанш сезіміне толтырады. Нағыз ер жігітке тән ерліктің үлгісін көрсетіп кеткен сол баһадүрлердің рухына бас иіп, үнсіз егіліп, білген дұғамызды бағыштаймыз. Жер бетінен жойылып, жоғалып кетпей, бүгінде аман-сау ел болып, түтін түтетіп отырғанымыз да, нар бабалардың арқасы емес пе? Бірде арыстанға айналып арпалысып, бірде тұз тағысы түлкінің айласына салып, әйтеуір, келесек ұрпағымыз аман болып, өсіп-өніп, жатқа тәуелді болмаса екен деп, ұлан-ғайыр



бен мәдени –тарихи мұрамызды кеңінен насихаттап, ұрпақ санасына сіңіру. Экспедицияның барысы, нәтижесі мен қорытындысы жайлы ақпарат құралдарында, интернеттегі әлеуметтік желілер мен сайттарда мақалалар жариялау. Осылайша кейінгі буын өкілдеріне тарихи-танымдылық, патриоттық бағыт-бағдар беру болды.

Экспедиция бағыты Қарағанды, облысы аумағы. Ақтоғай, Шет аудандары,

Жантайдың үлкен баласы Мырзакелдінің артында қалған тұяғы бар екенін, інісі Тоқаштың ұрпақсыз қалатынын айтып, шайт өлімді өзі қабылдап, жолын інісіне беруі кімді болса да бей-жай қалдыра алмайды. Міне, осындай жан тебіренер теңдессіз ерліктің иелері өткен ерлік жолы-«Шаңды жорық» ізмен экспедициямыз сапарға шыққан еді. Алдын ала ақылдасып келісілген жұмыс жоспарымыз бойынша екі ұстаным

Дүниеге келіп- кетпес не асыл зат,
Қалады жақсыдан – ат, жаманнан – дат.

«Батырдың басы жолда» деген осы,
Рухына дұға оқыңыз, бар азамат...

Осындай дәйекті дәлелдерден кейін, Сары-Баян батырлармен бірге Жантай, Мырзакелді, Үйсінбай, Найманбай сынды ерлердің бір төбенің басында жерленуі әбден мүмкін екендігіне көзіміз

екі ара жеті жүз шақырымдай алшақтап жатыр. Батырлардың Ақадырда жерленуі негізсіз секілді. Өмірбек Тұқпиұлы ол жаққа бармаған адам. Көзімен көрмеген соң жаңсақ пікірде болуы ықтимал. Балқаш көлінің батысы мен шығысының алшақтығын ескеріп, батырлардың соңғы ұрысы болған жер сол төбе маңайы, яғни көлдің батысы ма, дедік. Аталған жер аттары да соны мезгейді. Қалай алып қарасақ та, негізгі бағыттың орталығы сол өңірді қамтып, барлық оқиғалар тізбегі осы арада тоғысады.

Тарих адамды жасамайды, тарихты жасайтын адам деген қағидаға сүйенсек, онда үш жүз жыл бойы ұмытылмай келе жатқан «Шаңды жорық» оқиғасына себепкер болған тарихи тұлғалар сондарына өшпес із қалдырғаны анық. Олардың ерлігі ұрпақтардың мақтанш сезімін оятатын жыр- дастандарға арқау болды. Мысалы, Жантай батыр садақ тартып, соңғы жебесін жұмсап, жол ашпағанда, баласы Тоқаш өлімнен құтылар ма, еді? Болмаса, үлкен ұлы Мырзакелді інісіне жол бермей қоршауды бұзып өзі кеткенде, Тоқаштан ұрпақ тарар ма, еді? Қазірде арамыздағы Тоқаш ұрпақтары мұны, әрине, біліп түсінгені абзал.

Сонымен, Жантай, Мырзакелді, Үйсінбай, Найманбай батырлардың бір қорымда, Сары-Баян батырлармен бірге жерленгені ақиқат. Мұны жоққа шығаруға ешқандай негіз жоқ. Бәз біреулер бұл ғылыми жағынан тексерілмеген, ауызекі сөз бен көркем шығармаларға сүйенген ой –пікір деп, қарсылық білдірер. Өткен XIX ғасырда,

ЕР ЖАНТАЙДЫҢ СҰР ЖЕБЕСІ ҚАЛҒАН ЖЕР...

аймақты бізге мұралап кеткен, қайран бабалар!

Енді міне, тәуелсіздікке қолымыз жетіп, етек-жеңімізді жиып, жоғымызды түгендеп жатқан заманда, кешегі өткен ерлеріміздің шайт болып мәңгілік мекен тапқан жерлерін анықтап, белгі қойып, өзімізден кейінгі ұрпаққа аманат ету бүгінгі күннің ісі екені хақ. Олардың ерліктері мен жасаған жорықтары белгілі бір тарихи кезеңде болғаны да шындық. Ал тарих дегеніміз, нақты зерттеулер мен дәлелдеуді талап ететін ғылым. Аңыз бен ақиқаттың арасын таразы басына салып самақтайтын кез енді келген тәрізді.

Қарулас серіктерімен бірге шайт болған Жантай батырдың соңғы шайқасқан ұрыс даласы мен қорымын іздеп табу көптен бері ойда жүрген іс еді. Мұны жүзеге асыруға ауданымыздың әкімі Е.Б. Нұғманов өзі бас болып, оның тиянақты түрде ұйымдастырылуына орынбасары А.Е. Әлжанов жетекшілік етті.

2016 жылдың 6-12 шілде аралығында Ерейментау ауданы әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында

және Қазақ хандығының құрылғанына 551 жыл толуына орай халқымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен батыр бабалардың ерлік жолын айғақтайтын «Шаңды жорық ізімен» атты тарихи-танымдылық экспедициясы ұйымдастырылды.

Бұл экспедицияның негізгі мақсаты XVII- XVIII ғ.ғ. халқымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі жолында ұлт мүддесін қорғап, дербес қазақ мемлекетін қалыптастыруға күш салысып жанқиярлықпен күрес жүргізген батыр бабаларымыздың ерлік жолымен жүре отырып ер есімін ел есінде қайта жаңғырту. Тарихта «Шаңды жорық» деген атпен белгілі атақты қазақ-жоңғар қақтығысы болған Балқаш көлінің маңындағы Ереймен елінен шыққан Жантай, Мырзакелді, Үйсінбай, Найманбай батырлардың ақтық айқаста мерт болған ұрыс даласын анықтап, қорымдарын іздеп табу. Ел тарихының ақтандақ беттерін жаңа деректермен толықтыра отырып жалпы Қазақстан тарихына үлес қосу еді. Сонымен бірге бұл шараның тәрбиелік-патриоттық сипаты да болды. Ол бабалар ерлігін жұртшылыққа кеңінен дәріптеп жас ұрпақтың елсүйгіштік, отансүйгіштік сезімін ояту. Ел мен жердің тұтастығына, ұлттық сана сезім мен рухтың жоғары болуына ықпал етіп, ұлттық құндылықтарымыздың бірі- шежіреміз

Ақжал кенті, Қарабұлақ ауылы, Балқаш қаласы, Саяқ, Шашубай кенттері. Шығыс Қазақстан облысы аумағы, Аягөз ауданы, Шыңқожа ауылын қамтыды. Бұл сапарға жетекшілікке осы мақала авторы тағайындалып, экспедицияға ақын-жазушы, журналист-шежіреші Сайлау Байбосын, музей қызметкері, тарихшы Манап Әдірешев, журналист-оператор Қанат Синтиков, жергілікті шежіреші, әуесқой тілші Жұмабек Ахметов қатысты.

Әрине, тарих сахнасы үлкенді – кішілі, маңызды-маңызсыз сан-алуан оқиғаларға толы ғой. Соның бірі ел есінде «Шаңды жорық» деген атпен қалған Жантай батыр мен оның баласы Мырзакелді, және Баян, Үйсінбай, Найманбай батырлардың Уса-Серен бастаған қалың жоңғар қолын қуа отырып Балқаш көлінің маңындағы ақтық айқаста опат болуы. Бір деректерде 80 адаммен, екіншісінде 500 адамдық қолмен 3-4 мың жоңғар әскеріне қарсы шапты делінеді. Бұл жайлы Үмбетей Тілеуұлы мен Ералы Саққұлақұлының «Жантай батыр» дастандарында, Олжабай Нұралыұлы мен Молдажан Жадайдұлының жырларында, Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында айтылады. Осы тақырып замандаз қаламгерлердің шығармашылығына арқау болып жерлесіміз, ереймендік ақын Сайлау Байбосын көлемді көркем шығарма- «Ел қонған» атты поэмасын жазып шықты. Бұл туынды 2015 жылы Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған «Алаш тарихының ақиқаты» деген республикалық мұшайрада жүлделі бірінші орынды иемденіп, Сайлау бауырымыздың мерейі үстем болды. Осылайша, Ереймен еліне ғана танымал Жантай бабамыздың есімі енді жалпы Алаш жұртына танылып жатқан жайы бар.

Қандай да бір маңызды оқиғаға арқау болып, оның желісі мен өрбуіне себепші бір кілті бар. Жан алысып, жан беріскен қантөгісте жауынгерлердің ұрыс даласында мерт болуы да заңды құбылыс. Мұндағы негізгі оқиғаға жанқиярлық пен бауырмалдықтың, тектілік пен батырлықтың сипатын беріп тұрған нәрсе, екі баласымен қоршауда қалған Жантай батырдың соңғы рет садақ тартып, атылған жебенің екпінінен тайсақтай, қақ жарылған душпан қолының арасынан Сарыбауыр жүйрікпен жарып өткен Тоқаштың аман-сау елге жетуі деп, білеміз. Әкелі- балалы Жантай мен Мырзакелді сол арада қаза табады. Ал,

негізге алынды. Біріншісі жоғарыда аталған дастандардың желісі негізінде Уақ Сары-Баян мен Қанжығалы Жантай батырлардың бір қорымда жерленді дегені болса, екіншісі өткен ғасырда өмір сүрген ереймендік шежіреші Өмірбек Тұқпиұлының жазған дерегіндегі Жантай, Баян, Мырзакелді, Үйсінбай, Найманбай батырлардың Балқаш көлінің маңындағы Күркідек, Шүмекті деген өзендердің қиылысындағы бір жартастың түбінде қару, сауыт-саймандарымен бірге жерленіпті делінгені. Бірінші нұсқада жер атауы аталмаса, екіншісінде нақты өзен атаулары аталады. Яғни, осы аталған өзендерді тапсақ, онда сол маңда қорым да болуы мүмкін, деген ойда болды. Осындай деректерді негізге ала отырып біз Қарағанды облысы арқылы Шет ауданын басып, Балқаш көлінің батысына қарай орналасқан Ақжал кенті мен Қарабұлақ ауылы маңындағы Сары- Баян деп, аталатын төбеге жеттік. Бізді ол жерге Ақжал кентінің әкімі Нұрғалы Нұрмағанбетов, жергілікті ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Қамбарұлы және Нұрғалының інісі, шежіре, тарихтан хабары бар Айтмағамбет деген азамат бастап апарды. Өткен жылы осы жерге Баян батырдың ұрпақтары келіп, бабаларының басына зиярат етіп кеткен еді. Бұл төбеде он үш көне зират бар екен. Төбенің Сары-Баян деп, аталуы да, осында нақты тарихи тұлғалардың сүйектері жатқандығын дәлелдейді. Сол жер толығымен қоршалып, Сары- Баян батырлардың басы көтеріліп, ескерткіш, белгі тас орнатылып, жатыр екен. Ендігі жылы мұнда үлкен кесене бой көтермек. Құрылысшыларды басқарып жүрген адам кезінде «Шаңды жорықты» баяндайтын «Есей-Дос» атты поэма жазған белгілі ақын, марқұм Самат Мұсабековтың баласы Баянды Мұсабеков. Ол осы төбеге қатысты өзі білетін ел аузындағы біраз әңгімелерді айтып берді. Қалай болғанда да, мұнда тегін адамдар жерленбегені анық. Осы жерде тарихи оқиғаның басы-қасында болып, оны көзімен көрген куәгер, сол заманның абыз-жырауы Үмбетей Тілеуұлының «Жантай батыр» дастанындағы мына бір жолдар ақиқат беттерін айқындап тұрғандай:

...Арғындар Жантай, Баян, Сарыларды,
Арулап кең лахатты көрге салды.
Қасында қару, сауыт, дулығасы,
Боялып жау қанына бәрі қалды.

жеткендей болды. Бұл маңайда Ерейменнен шыққан қанжығалы елінің батырларының болғандығына тағы да бір дәлел, Ақсу-Аюлы елді мекеніне жете бергенде «Қанжығалы», «Найза кескен» деген жер атаулары. Шежіреге қанық жергілікті азаматтардың айтуынша осы жерден қанжығалы Бөгенбай батыр қол бастап өткен екен. Бір жерде қалың қол аялдап найзаларына сап кескен деседі. «Найза кескен» атауы содан қалыпты. Ендеше бұл Абылай хан мен Бөгенбай жасағы Жантай тобына көмекке келе жатқан кез. Батырлар қашқан жоңғар қолын біраз шығынға ұшыратып, кек алып елге қайтарда қаратышқақ ауруына ұшырап, біразы содан өледі. Өлгендердің ішінде Бөгенбайдың ағасы Көлбай да бар. Оған себеп шегінген жау соңында қалған құдықтарға арам өлген малдардың өлігін тастап отырып суын ішуге жарамсыз еткен. Шілденің аптап ыстығында шөлдеген қол сол құдықтардан су ішіп ауырғанға ұқсайды. Осы бір жайт барлық дерлік, әңгімелер мен дастандарда айтылып, шындықты растай түскендей. Айтулы оқиғалар тізбегі егжей-тегжейіне дейін жоғарыда аталған еңбектерде толығымен жазылған. Қызығушылық танытқан оқырман тауып алып оқыр деген ниеттеміз.

Сапарымыз одан әрі Аягөзге қарай жалғасты. Ондағы мақсат Өмірбек Тұқпиұлының жазбасындағы Күркідек, Шүмекті өзендерін тауып, реті келсе Ереймен, қанжығалы елінен шыққан тұлғалар туралы жаңа деректеме көздерін іздестірсек дедік. Жолай Шыңқожа ауылына соғып сонда тұратын Бөгенбай батыр ұрпақтарымен кездесіп, әңгімелестік. Дүниеден өткен, қазірде арада жоқ, Сәду Нұрахметов, Нұрғазы Ыбырайұлы секілді Бөгенбай ұрпақтары сол өңірде өмір сүріп, кезінде елге сыйлы азаматтар болған екен. Ішкі істер органдарында қызмет еткен, Бөгенбайдың Жылқыбай атты баласынан тарайтын Қарнақбай батырдың ұрпағы Сәду Нұрахметов көзі тірісінде қанжығалы шежіресін жинақтап, «Батыр баба жолымен» атты кітапша шығарып кетіпті. Ұрпақтары Аягөз өңірінде өмір сүруде.

Біз жергілікті өлкетанушы-тарихшылардан сұрастырып Күркідек, Шүмекті өзендерінің Балқаш көлінің шығысына қарай Ақадыр деген жақта екендігін анықтадық. Ол жаққа Аягөз жағынан барғанда жол өте ұзақ, әрі елсіз жер болғандықтан жолымыз түспеді. Ал, жоғарыда аталған Қарабұлақтағы Сары-Баян атты төбе тұрған жер мен

Еуропада ежелгі Грекияның ғұлама-ақыны Гомердің «Иллиада» поэмасында аты аталған Троя қаласының тарихта болған, болмағандығы жайлы ғалымдар арасында үлкен талас туындаған еді. Беделді археолог-ғалымдар біздің дәуірімізге дейінгі тарихи оқиғаларға арқау болған Троя деген қала жер бетінде жоқ, ол ақынның ой-қиялынан шыққан дүние десті. Бірақ, осы іске жарты ғұмырын сарп еткен Геррих Шлиман аталмыш поэманың желісіне сүйене отырып, Троя қаласын тауып, қазып, бұл қаланың болғандығын бүкіл әлемге дәлелдеп берді.

Мұны мысалға келтіре отырып айтарымыз ел ауызындағы аңыз-әңгімелер мен сол дәуірдің Үмбетейдей жырауы дастан қылған оқиғада шындық бар екендігі күмәнсіз. Ақиқат қашанда аңызбен астасып жатады ғой. Ал, ақиқатты айғақтау бүгінгі күн мен кейінгі буын, өскелең ұрпақтың еншісінде. Ереймен елінде ұйымдастырылған «Шаңды жорық ізімен» атты тарихи-танымдық экспедициясының жұмысын ел тарихының ақтандақ беттерін ашу жолындағы жасалған алғашқы қадам, деп түсінгеніміз дұрыс. Осындай маңызды іске ұйтқы болып, қолдап, оны ұйымдастыра білген аудан басшысы Ермек Бекенұлы Нұғмановқа, оның орынбасары Абай Еламанұлы Әлжановқа көзі ашық, көкірегі ояу ереймендіктердің атынан зор құрмет пен айтар алғысымыз шексіз. Сондай-ақ, Жантай батырдың тікелей ұрпақтары, Мырзакелдіден тарайтын Өмірсерік Ержанов пен Тоқаш ұрпағы, Қарағанды қаласының тұрғыны Бейбіт Сағынбаевқа да демеушілік көмектері үшін ризашылық білдіреміз. Бес облыстың аумағын қамтыған экспедиция сапарында жолай ерлік дәуірінің тарихи тұлғалары Жидебай, Малайсары, Шыңқожа, Ағыбай батырлар, Боранбай би кесенелері мен ескерткіштеріне соғып дұға бағыштадық.

Тынымсыз тірлік көшінде жылдар жылжып, ғасыр ғасырларға ұласып тарих қойнауына сіңіп, жоғалып жатады. Бабаларымыздың ерлігін дәріптеп, есімдерін мәңгілік сақтап, ұрпақтарға аманат ету жолында жасап жатқан игілікті істеріміз де, күндердің күнінде тарихымыздың бір тарауына айналып, келер ұрпақ үшін құнды дүние болып қалатынына сенімдіміз.

**Сайлау ЖЫЛҚЫБАЕВ,
«Шаңды жорық ізімен»
атты тарихи-танымдық
экспедициясының жетекшісі**

ОТ СЕЛА ДО ГОРОДА

